

Хабарландыру

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласы Нұра ауданындағы жаратылыстану-математикалық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында (бұдан әрі – НИШ Астана–Нұра) 2026 жылғы 27 сәуір мен 12 мамыр аралығында НИШ Астана–Нұра қызметкерлері үшін босатылған қызметтік тұрғын үйді бөлуге құжаттар қабылдау жүргізіледі. Бұдан кейін Отбасы Банк арқылы жалдау-жинақтау тетігі бағдарламасына қатысу қарастырылған.

1. Астана қаласы, Бөгенбай батыр даңғылы, 54-үй, 117-пәтер мекенжайында орналасқан бір бөлмелі қызметтік тұрғын үй.

Қызметтік тұрғын үй беру қағидаларымен және өтінім беру үшін қажетті құжаттар тізбесімен www.nis.edu.kz сайтында танысуға болады.

Қызметтік тұрғын үй алуға үміткерлерден өтініштер мен құжаттар пакеті 2026 жылғы 12 мамыр күні сағат 17:30-ға дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Хусейн бен Талал көшесі, 21, НИШ Астана–Нұра, кадр мәселелері жөніндегі инспектор кабинеті.

Тұрғын үй комиссиясы қарау үшін құжаттар Астана қаласы, Хусейн бен Талал, 21/1 үй, 2-қабат, № 207 бөлме мекен жайы бойынша 2026 жылғы 12 мамыр күні 10.00 сағатқа дейінгі мерзімде тұрғын үй комиссиясының хатшысына өткізілуі тиіс.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 23 57 00, ішкі. 1166
8 (7172) 57-57-85, ішкі 2519

Тұрғын үй алуға үміткерлер Тұрғын үй комиссиясы төрағасының атына өтініш және өткізетін құжаттардың келесі тізіміне сәйкес құжаттарды тұрғын үй комиссиясына өткізеді:

1) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
2) неке қию (бұзу) туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);
3) кадр қызметі берген отбасы құрамы туралы анықтама;
4) үміткердің отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелері (бар болған жағдайда);

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек өтілін растайтын, әлеуметтік демалыстарда болған кезеңдері көрсетілген кадр қызметтері беретін анықтамалар;

6) үміткерге педагогикалық шеберлік деңгейі берілгенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);

7) үміткердің және оның отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлкінің бар (жоқ) екендігі туралы анықтама (анықтама берілген күн Тұрғын үй комиссиясына құжаттар тапсырылған күннен кеш болмауы тиіс);

8) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адаммен бір отбасы құрамында екенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);

9) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалдау-жинақтау механизмі бағдарламасына қатысуға келісім (Астана қаласында орналасқан қызметтік тұрғын үйді бөлу кезінде ғана талап етіледі);

10) осы Ереженің 11 және 12-тармақтарында көрсетілген өзге де растайтын құжаттар (бар болған жағдайда).

Құжаттар мұқаба бетінде өтініш беруші туралы (аты-жөні, қызметі, құрылымдық бөлімшенің аты (филиал) ақпарат бар қағаз скоросшивательдерде өткізілуі тиіс.